

[illegible]

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығының «Наурыз» айының айлық жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	Ертеңгіліктер, мерекелік іс – шаралар «8 Наурыз» мерекесіне арналған «Анашым, ана жаным» ертеңгілік Ертеңгілік : «Асыл анашым» Ертеңгілік : «Аппақ менің анашым» Ертеңгілік: «Келші келші анашым»	02-04.03.2024	№1 топ тәрбиешісі Айдар Ұлпан №2 топ тәрбиешісі Тажигалиева Марал №3 топ тәрбиешісі Карасаева А
2	Ертеңгіліктер, мерекелік іс – шаралар «22 Наурыз» мерекесіне арналған «Наурыз мерекесіне» ертеңгілік Ертеңгілік : «Жаңа жыл» Ертеңгілік: «Қош келдің Наурыз» Ертеңгілік : «Ұлыс оң болсын»	18-20.03.2024	№1 топ тәрбиешісі Айдар Ұлпан №2 топ тәрбиешісі Тамашова Жазира №3 топ тәрбиешісі Карасаева А

**«Анашым ана жаным» атты «8 Наурыз» мерекесіне арналған өткізілген
ертеңгілік хаттамасы**

Қатысқандар :

1. Қатысқандар:

Директор : С.Р.Мусаева

Әдіскер : Т.Е.Махашева

Тәрбиешілер : 6

Барлығы :8

05.03.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Ертеңгілік «Асыл анашым» Жауапты: №1 кіші топ тәрбиешісі Айдар Ұлпан
2. Ертеңгілік «Аппақ менің анашым» Жауапты: №2 ортаңғы топ тәрбиешісі
Тажигалиева Марал
3. Ертеңгілік «Мерекеңмен анашым!» Жауапты: №3 ересек топ тәрбиешісі
Карасаева А

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері балабақшада наурыз айының 02-04 жұлдызында «Анашым ана жаным» атты «8 Наурыз» мерекесіне арналған ертеңгілік өткізілді. Өз сөзінде балабақша мерекеге сай безендірілді. Әр ата – анамен балалармен жеке жұмыстар жасалғаны көрініп тұр. Балалардың киімдері сай, көрнекі құралдары дайындалған. Балалар ән саз ырғағымен залға кіріп тәрбиеші аналарға, әжелерге арнап өз тақпақтарын айтып өтті. Балалардың ән ырғақты сезініп билеуі жақсы деңгейде. Балалармен тақырыпқа сай ойындар ойналынды. Тәрбиешінің дауыс ырғағы байланыстыра сөйлеу дағдысы жақсы деңгейде. Ата аналармен ойындар ойналды. Өз сөзімді қорыта келе аналар мерекесіне арналған ертеңгілік жақсы деңгейде өтті деп бағалаймын.

1.1. №2 ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жазира өз сөзінде. Бүгінгі аналар мерекесіне арналған ертеңгілікке тәрбиеші жақсы деңгейде дайындалған. Балалардың киімдері әдемі және ыңғайлы бала жасына сай киіндірілген. Балалардың ертеңгілікке қатысуы жақсы деңгейде. Тәрбиешінің өзін өзі ұстауы жақсы деңгейде. Ертеңгілікке көктем мезгілі келуі балалармен ойын және би билегуі балаларды өзіне қарата білуі жақсы деңгейде. Балалар тақпақтарын, өлеңдерін жақсы деңгейде айтып шықты. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілікті жақсы деп бағалаймын.

2. Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Карасаева А өз сөзінде №2 ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигулова Маралдың «Аппақ менің анашым» атты ертеңгілікке өте жақсы деңгейде дайындалған. Балалар киімдері тәрбиеші киімдері жақсы деңгейде дайындалған. Тәрбиешінің өзін өзі ұстауы жақсы деңгейде. Сөздік қоры байланыстыра сөйлеу дағдысы жақсы деңгейде. Балалардың тақпақтары, өлеңдері

билері бала жасына сай алынған. Балалар тапқатарын билерін билей білді. ата аналар ертеңгілікке жақсы деңгейде қатысты. Өз сөзімді қорыта келе ертеңгілікті жақсы деп бағалаймын.

2.1. тәрбиеші Айдар Ұлпан өз сөзінде №2 ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигулова Маралдың «Аппақ менің анашым» атты ертеңгілікті өте жақсы деңгейде дайындалған. Балаларды ертеңгілікке қызықтыра білді. аналарды асыл жандар өмір тынысы балаға деген барлық жақсылығын аямайтын жан екенін балаларға түсіндіре білді деп ойлаймын. Тәрбиешіге ұсынысым ертеңгілік барсын жаттап алу керек екенін айтқым келеді.

3. Үшінші мәселе бойынша Тамашова Жазира өз сөзінде «Мерекенмен анашым» аналар мерекесіне арналған №3 ересек топ тәрбиешісі Карасаева А өткізген ертеңгілік токтала кететін болсақ. Өз деңгейінде өтті. Әр ата – анамен балалармен жеке жұмыстар жасалғаны көрініп тұр. Балалардың киімдері сай, көрнекі құралдары дайындалған. Балалар ән саз ырғағымен залға кіріп тәрбиеші аналарға, әжелерге арнап өз тапқатарын айтып өтті. Балалардың ән ырғақты сезініп билеуі жақсы деңгейде. Балалармен тақырыпқа сай ойындар ойналынды. Тәрбиешінің дауыс ырғағы байланыстыра сөйлеу дағдысы жақсы деңгейде. Ата аналармен ойындар ойналды. Өз сөзімді қорыта келе аналар мерекесіне арналған ертеңгілік жақсы деңгейде өтті деп бағалаймын.

Шешімі:

«Анашым ана жаным» атты «8 Наурыз» мерекесіне арналған өткізілген ертеңгілік «жақсы» деп бағалансын.

Шағын орталық директоры :
Хатшы:




С.Р. Мусаева
Т.Е.Махашева

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері М.С.А. А.Е.Махашева

**«8 наурыз халықаралық әйелдер күніне»
арналған ертеңгілік
Тақырыбы : «Мерекенмен анашым!»**

Дайындаған №3 «Ботақан»
ересек тобының тәрбиешісі
Қарасаева А.М

2023 – 2024 оқу жылы

Зал көктем мерекесіне орай әдемі безендірілген.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, қымбатты аналар, ақ жаулықты әжелер, ұжымдастар!

Бүгінгі көктемнің алғашқы мерекесі 8-наурыз құтты болсын! Аспанымыз ашық, жүздеріміз жарқын болсын. Отбасыларыңызға амандық тілеймін.

«**Мерекенмен анашым**» атты мерекеге қош келдіңіздер!

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар,

Аналардан туған небір даналар,

Ана деген тіршіліктің тірегі, Кіру

Армысындар қасиетті аналар!-деп қол соғып қошеметпен «Ботақан» ересек тобының бүлдіршіндерін ортаға шақырайық.

(Көңілді әуен қосылып, ұл балалар қолына гүл шоқтарын ұстап ортаға келіп тұрады. Ал қыздар соңынан келеді де, әркім өз жұбымен орындарына жайғасады.)

Жүргізуші: Балалар айналаға көз салайықшы. Көктем күн шуағын төгіп тұр. Айнала толған қызыл-жасыл гүлдер.

Дала гүлге бөленеді,

Қуанышқа кенеледі-деп балаларымыздың көктемге арналған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Ерсұлтан:

Көктем келді керемет,

Жаңбыр жауды себелеп.

Күн ашылса болғаны,

Көлбеңдейді көбелек.

Көктем келді бүгін,

Күнім төкті нұрын.

Сайрап барлық құстар,

Ән салуға құштар.

Сафия:

Көктем келді күркіреп.

Жаңбыр жауды себелеп,

Бәйшешектер дүркіреп.

Шыға келді қыр түлеп.

Жүргізуші: Қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда. Адамдарға қуаныш сыйлайтын сикыршы көктем. Олай болса мерекеге көктемді шақырайық.

(Көктем ханшайымы кіреді.)

Көктем ханшайымы :

Мен көңілді көктеммін,

Бытыр келіп кеткенмін.

Көзін ашып бұлақтың,

Түбіне тал екенмін.

Гүл болып қырда егілем,

Дән боп жерге себілем.

Жаңбыр болып жауам да,
Нұр боп көктен төгілем.
Шуағын төгіп әлемге,
Жылуын күннің әкелем.

Табиғаттың төсіне тіршілігін сыйлаймын.

Сәлеметсіздерме, балалар! Сәлеметсіздерме ақ жаулықты аналар, әжелер, ару
қыздар.

Жүргізуші: Амансыңба ару көктем. Біз сенің келгеніңе өте
қуаныштымыз. Ұлан-байтақ жерімізге қош келдіңіз. Біздің балалардың
өнерлерін тамашалаңыз.

Жүргізуші: Кезекті балалардың әніне берейік.

Ән: «Көктем келді»

Жүргізуші:

Мен анамды сүйемін,
Құшағына енемін.
Мәпелеген анамды

Қуантсам деп келем-дей отырып аналарға арналған тақпақтарға кезекті
берейік.

Айнамкөз:

Ақ сүт берген балаңа
Күш жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған

Қасым:

Ақ анашым әппағым
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнімде
Арнадым саған бәрінде

Муслима:

Тендесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегінді ақтаймын
Аман болшы анашым

Мансур:

Жарқын жүзді жан анам
Сендей болсын бар адам
Сендей болса бар адам
Шаттық кетпес баладан

Нурайым:

Әр сөзімді жаттаған
Жүрегімде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ анам

Айзере:

Құтты болсын ақ анам
Сегізінші наурызың
Қасымда бол әрқашан
Жансын жарық жұлдызың
Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекен
Айналайын жан анам

Абубакір:

Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз

Азима :

Мен анамды сүйемін
Сөзін ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды оған иемін.

Жүргізуші:

Шалқып тасып тасып әніміз,
Жадырасын жанымыз.
Аналарды құттықтап,
Би билейміз бәріміз
Қыздардың орындауында

Би: «Қуыршақ»

Жүргізуші :

Айналайын анашым,
Аялайсың бағасың.
Бір өзіңе арналар,
Бүгінгі ән-жырымызда-дей отырып келесі кезекті балалардың орындауында
әнге берейік.

Ән: «Ақ анашым»

Жүргізуші: кезекті тақпақтарға береміз

Абдумалик :

Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым.

Бақ Алинур:

Бәріңізде анасың
Біз үшін күн боп жанасың
Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым.

Мейіржан:

Менің анам ардақты
Алтыннан да салмақты
Жақсы көріп баласын
Мәпелейді анашым

Бай. Алинур :

Еркелеймін шаттанам
Жарқын күлкің бақ маған
Ақ бетіңнен сүйейін
Келші келші ақ мамам

Асхат Алихан:

Ақ сүт берген балаңа
Күш жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған

Нурислам:

Мен анамды сүйемін
Сөзін ойға түйемін
Анашымды ардақтап
Басымды оған иемін

Абдурахим:

Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекең
Айналайын жан анам

Бағдаулет:

Еркелеттің асырадың
Мойыныңа асыламын
Аман болшы ардақты анам
Мен әр қашан қасыңдамын

Ерсұлтан:

Сеннен өскен балалар
Батырлар мен даралар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті біздің аналар

Жүргізуші:

Ана-пана,
Ана-дана.
Өмірге әкелетін,
Ана ғана-дей отырып кезекті биге береміз

Би: «Көңілді би»

Жүргізуші:

Қандай бала болмайық.
Әжемізге балдаймыз.
Көтерейік көңілді,

Ән салайық бәріміз, кезекті әнге береміз

Ән :«Әже»

Жүргізуші: Қариясы бар үйдің, қазынасы бар деп бекер айтпаған. Қазыналы әжелерімізге тақпақтар арнаймыз.

Әмнә:

Менің әжем гүл әжем
Алтын әжем күн әжем
Анам үшін мен үшін
Нағыз ана тілі әжем
Мейірімді жүрекпен
Бөлісетін бақытты
Ақ ниетпен шын тілек
Ізгі істерді жақұтты

Раяна:

Ақ жаулықты әжемді
Ай жүзіне теңедім
Мейірімін таусалмас
Күн нұрына теңедім

Ин.Алихан

Ақ әжемді әрқашан,
Сыйлап жақсы көремін,
Қуантайын деп оны
Өлең айтып беремін.

Медина:

Әже деген көп шығар,
Әжемдей менің жоқ шығар.
Мейірімді ол кісі,
Қандай әсем күлкісі.

Жүргізуші:

Бесіктерін әнімен,
Тербетеді аналар.
Жасай берсін мәңгілік,
Жер бетінде аналар
Кезекті би аналар мен балалар

Би: «Ұл мен Қыздар»

Жүргізуші: Ата-аналармен ойын

Ойын: «Кім епті»

Баспен үрленген шарды қуалап жерге түсірмей жейденің түймелерін салу

Шарты:

Жүргізуші:

Анамды мерекемен құттықтаймын.
Айтатын ән, беретін гүлім дайын,
Анашым сені жақсы көремін деп.

Ақырын құлағыңа сыбырлаймын. -балалардың аналарына арналған сыйлықтарын ұсынуына рұқсат етеміз.

Бүгінгі мерекемен құттықтау сөз кезегін бөбекжай әкімшілігіне береміз.

Аналарға балаларын құттықтау үшін сөз беру.

Жүргізуші: Қымбатты да аяулы аналар. Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, мейірімді, қамқор адам осы отырған сіздерсіздер. Дендеріңіз сау, көңілдерің шат болсын, әрқашан аман болайық. Сау болыңыздар!

